

**Қастаев Серік Қанатұлының 6D010300 – «Педагогика және психология»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға
ұсынылған «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық
іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясының**

АНДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбы: болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру.

Зерттеу мақсаты: болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін әзірлеу және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу.

Зерттеу міндеттері:

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау.

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық кәсіби іскерліктерін қалыптастырудың мәні мен мазмұнын нақтылау.

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу.

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу әдістері: алға қойылған міндеттер мен ұсынылған болжамдарды тексеру үшін зерттеудің мынандай әдістері қолданылды:

- теориялық әдістер (зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, диссертациялар мен мерзімдік ғылыми басылымдарды зерделеу, нормативті-құқықтық құжаттарды талдау; талдап қорыту, модельдеу);

- эмпирикалық әдістер (бақылау, сауалнама, сұрақ-жауап, тестілеу; анықтау, қалыптастыру, бақылаушы эксперимент түрлерін ұйымдастыру);

- зерттеу барысында алынған мәліметтерді математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері мен оқу-тәрбие үдерісінің құраушылары педагогикалық тапсырмалар түрлері мен мазмұнын, технологиясын анықтайды және оларды ЖОО пайдалану болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін жетілдіру құралы ретінде қарастырылады.

2. «Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері дегеніміз білім алушылардың қалыптастырылған құндылықтары тұрғысынан

ұйымдастырушылық білімі мен іскерліктерін педагогикалық міндеттерді шешу мақсатында оқушылар тобының іс-әрекетін жобалауға, ұйымдастыруға, реттеуге бағытталған практикалық әрекеттерді саналы, нәтижелі және уақтылы орындай алуы (дайындық құраушысы ретінде)». Оқу үдерісінде дайындық құраушысын жүзеге асырудағы педагогикалық тапсырмалар болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың тиімділігіне кепілдік беретін ерекшеліктерді ескеру шеңберінде ғана сәтті болады (тапсырманы: мақсатты орындау ортасы; орындауда игерудің белгілі бір үйлесімі мен реттілігі; «саналы сезіну» жағдайы; саналы орындаушы тұрғысынан ретті меңгеруі).

3. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі оқушылардың іс-әрекетін жобалауға, ұйымдастыруға, реттеуге бағытталған практикалық әрекеттер бойынша болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық білімі мен іскерліктерінің және қалыптастырылатын құндылықтарының дамуын қамтиды; аталған іскерлікті қалыптастырудағы іс-әрекет құрылымына сәйкес анықталған мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік-бағалаушылық құраушылардың көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтайды; олардың жүзеге асырылуын мазмұндық-мақсаттық, іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелілік тұрғыдан қамтамасыз етіледі.

4. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыру әдістемесі: оқытудың технологиялық картасы негізінде жобаланып, ұйымдастырушылық іскерліктерді қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды қолдану, оқыту техникасын жүзеге асыру тұрғысынан пайдалануға негізделеді және төмендегіше жүзеге асырылады: болашақ мұғалімдерді оқыту және оқушылардың іс-әрекеті, олардың құраушылары туралы теориялық мағлұматтармен қаруландыру, мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктері жөніндегі мағлұматтарды меңгерту, оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру процестерін жүзеге асыратын мұғалімнің даярлығымен мақсатты таныстыру, оқу-тәрбие іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша білімдер мен іскерліктерді практикалық әрекеттер (практикалық тапсырмалар) негізінде студенттердің меңгеруін қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық іскерлігін қалыптастыруда жүзеге асыру. «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» атты элективті курсты, «Педагогикалық тапсырмалар» атты оқу-әдістемелік құралындағы сұрақтарды (деңгейлік), педагогикалық міндеттерді, тесттік және оқу тапсырмаларын болашақ мұғалімдерге біз ұсынған формалар, әдістермен кезеңдеп меңгерту барысында әдістеменің тиімділігі артады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды. Осы мәселені жүзеге асырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясы анықталып, басты әдіснамалық тұғырлар негізделді.

- мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерлігіне ғылыми сипаттама берілді және «Мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігі» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды. Мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерінің құрылымдық элементтері мен олардың өзара байланысы айқындалып, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың ерекшеліктері анықталды.

- іс-әрекет теориясына сәйкес болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың құрамы мен өлшемдері, көрсеткіштері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

- болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастырудың әдістемесі ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыруға және педагогикалық тапсырмалардың дидактикалық мүмкіндіктеріне негізделіп жасалды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

1. Бірінші нәтиже мектептегі білім берудегі өзгерістерге жауап беретін ғылым мен технологияның жетістіктеріне сәйкес кәсіби білім беру жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау қажеттілігі көрсетілді және болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыру бағытындағы ғылыми жұмыстар зерделенді (дисс. 1.1 бөлімінде) және олардың бағыт-бағдарлары анықталды; болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудағы педагогикалық тапсырмалар технологиясы мен түрлері айқындалды (дисс. 1.2 бөлімінде); болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды зерделеуде және жүзеге асыруда басшылыққа алынатын әдіснамалық тұғырлардың сипаттамалары мазмұндалды.

2. Екінші нәтиже бойынша (дисс. 2.1 бөлімінде) болашақ мұғалімдерді ұйымдастырушылық іскерліктерін кәсіби тұрғыдан даярлау үшін іскерлік, ұйымдастырушылық іскерлік, болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері бойынша ғылыми еңбектер зерделенді, нәтижесінде «Мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктері» ұғымының мәні мен мазмұны нақтыланды. Аталған ұғым аясындағы іс-әрекеттер және педагогикалық тапсырмалардың дидактикалық мүмкіндіктері болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мазмұны мен бағдарын анықтауға негіз болды (дисс. 2.2 бөлімінде).

3. Үшінші нәтиже бойынша іс-әрекет теориясына сәйкес педагогикалық тапсырмаларды қолдану негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді, қалыптастырудың көрсеткіштері мен деңгейлері нақтыланды және оның жүзеге асыру құраушылары айқындалып, сипатталды (дисс. 2.3 бөлімінде). Бұл теориялық тұжырымдар қарастырылып отырған іскерлікті тиімді қалыптастыруды жүзеге асыруға септігін тигізеді.

4. Төртінші нәтиже бойынша болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруға бағытталған «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективтік курсы бағдарламасын жүзеге асыру әдістемесі әзірленді және ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясын басшылыққа алумен аталған іскерлікті қалыптастыруға бағытталған әдістемелік нұсқаулық нақтыланды (дисс. 3.1 бөлімінде); педагогикалық тапсырмалар негізінде болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастыруды диагностикалау ұйымдастырылған оқу жұмыстары нәтижелерінің айқындалған көрсеткіштер мен деңгейлерге сәйкестілігін анықтау мақсатында жүзеге асырылды (дисс. 3.2 бөлімінде). Әзірленген әдістеменің тиімділігі: зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес зерттеу әдістері мен кешенін жүзеге асырумен, ұсынылған оқу-әдістемелік құралының оқу үдерісіне ендірілумен, соған сәйкес оқу жұмыстарының ұйымдастырылумен, алынған мәліметтердің дәйектілігімен, жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының жоспарлы кезеңділігімен, анықтау және бақылау эксперименті бойынша алынған көрсеткіштердің нәтижелерін анықтаумен сипатталады (дисс. 3.3 бөлімінде).

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

- «Педагогикалық тапсырмалар технологиясы» элективтік курс бағдарламасы жасалды және оқу үдерісіне ендірілді;
- болашақ мұғалімдердің оқыту ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруға бағытталған «Педагогикалық тапсырмалар» оқу әдістемелік құралы әзірленіп, эксперимент жүргізілген ЖОО тәжірибесіне ендірілді.

Диссертациялық зерттеу жұмысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелерді және әдістемелік ұсыныстарды, педагогикалық тапсырма түрлерін жалпы білім беретін мектептердің, педагогикалық орта арнаулы және жоғары оқу орындарының тәжірибесінде, педагогтардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Диссертация тақырыбы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, кредиттік оқытудың технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларына және Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген маман даярлауды жүзеге асыруға сәйкес келеді. Сондай-ақ, «Педагог» кәсіптік стандартында (2022ж.) көрсетілген білім беру ұйымдарындағы мектеп педагогының (мұғалімдерінің) дайындығына сәйкес болашақ мұғалімдерді даярлауды қамтамасыз етуге бағытталады.

Докторанттың әрбір жарияланымдарды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы.

Зерттеу нәтижелері негізінде 16 ғылыми еңбек жарияланды. Оның ішінде: Scopus ақпараттық базасына енгізілген журналдарда 4 мақала; ҚР

ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала; Халықаралық ғылыми конференция материалдар жинағында 7 мақала; 1 оқу-әдістемелік құрал басылып шығарылды.

1. Potential of using ICT tools in Primary School in the Context of Inclusive Education. Review of International Geographical Education Journal, Vol. 11(4), 615-626, 2021. DOI: <https://doi.org/0.48047/rigeo.11.04.56>. Education – 26 проценти́ль. Бұл мақалада болашақ бастауыш мұғалімдернің оқыту үдерісінде инклюзивті білім беруде АКТ-ны тиімді пайдалану жолдары қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 5%-ды құрайды. (Co-authored by: Konasheva, R. 65%, Kozybaev, E. 5%, Arzymbetova, S. 5%, Berkimbayev, K. 5%, Kastayev, S. 5%, Oralbekova, A. 5%, Orazbekuly, K. 5%)

2. Technology for Forming Students' Ability to Manage Independent Educational Activities. Cypriot Journal of Educational Science. Vol.17, Issue 4, 17(4), 1106-1116, 2022. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i4.7099>. Education - 36 проценти́ль. Мақалада студенттердің өз бетінше оқу іс-әрекетін басқару қабілетін қалыптастыру технологиясы қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 5%-ды құрайды. (Co-authored by: Abdigapbarova, U. 75%, Yeshenkulova. D. 10%, Kassimbekova. B. 5%, Muratbaeva, G. 5%, Kastayev, S. 5%)

3. Formation of the Ability to Organise Learning Technologies of Future Teachers through Innovative Methods. World Journal on Educational Technology: Current Issues. Vol.14, Issue 5, 14(5), 1305–1316, 2022. DOI: <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i5.8092> Education - 56 проценти́ль. Мақалада болашақ мұғалімдердің инновациялық әдістерді және оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып ұйымдастыру қабілетін бағалау мәселесі қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Co-authored by: Kastayev, S. 75%, Ortayev, B.5%, Auyezov, B. 5%, Gulnara, J. 5%, Zhidekul, S. 5%, Shyryn, A. 5%).

4. Formation of Future Teachers' Ability to Organise Educational Activities on the Basis of Pedagogical Tasks. Cypriot Journal of Educational Science. Vol.17, Issue 7, 2290-2302, 2022. DOI: <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i7.7691> Education - 36 проценти́ль. Бұл мақалада болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде қалыптастыруды ұйымдастыру қабілеті мен іскерлігі қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Co-authored by: Kastayev, S. 75%, BerkimbayevK. 10%, Ibragim, K. 5%, Jumagulova, G. 5%, Tusseyev, M 5%).

5. Педагогикалық тапсырмалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі түрлері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы, №10/2 (142) 2020, Б. 231-237. DOI: <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/-article/view/105/105> Мақалада автор оқу-тәрбие үдерісінде, оның ішінде мұғалімдерді даярлау барысында қолданылатын педагогикалық тапсырмалардың түрлері мен олардың атқаратын қызметіне тоқталады.

Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды. Қосалқы автор: К.М. Беркімбаев-20%.

6. Методологические подходы к подготовке будущих педагогов в условиях инновационного обучения. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналы, №12/8 (154) 2020, Б.274-277 DOI: <https://www.nauka-izhizn.kz/index.php/journal/article/view/113/113>. Бұл мақалада инновациялық оқыту жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау үшін теориялық және әдіснамалық негіздерді қалыптастыру проблемаларын, оның ішінде болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын қарастырады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды. Қосалқы автор: Б.Н. Ауезов-10%.

7. Мұғалімнің педагогикалық қабілеттері мазмұнындағы ұйымдастырушылық іс-әрекеттер. «Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» Хабаршысы №1 Алматы, 2021 ж. Б.44-51. DOI: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=44905355>. Мақалада педагогикалық қабілет түрлері сипатталады, оның ішінде мұғалімнің дидактикалық академиялық, перцептивтік, сөйлеу, ұйымдастырушылық, авторитарлық, коммуникативтік, педагогикалық болжау қабілеттері мен бір уақытта бірнеше іс-әрекет түріне назар аудару мүмкіндігі айтылады. Ұйымдастырушылық іс-әрекеттің дұрыс жүзеге асырылуының нәтижесінде оқушылардың оқу жұмыстарындағы қол жеткізілетін әрекеттері сипатталады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

8. Content of Future Teachers' Organizational Skills and Ways to Improve them. Ясауи университетінің Хабаршысы №2 (128), Түркістан, 2023 ж. 329-342 бет. <https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/-2585/598>. Мақалада мұғалімнің педагогикалық үдерісті жүзеге асырудағы даярлық құраушылары, оның ішінде педагогикалық іскерліктің түрлері қарастырылады. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды. Қосалқы автор: В.В. Гриншкун-20%.

9. Теоретический основы исследования профессионально-компетентной подготовки личности будущего учителя. Актуальные научные исследования в современном мире. Международной научно-практической конференции г.София, Болгария. 2018г. С.65-69. http://science-peace.ru/-files/ANISM_2018.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды. Қосалқы автор: К.М. Беркімбаев-10%.

10. The Necessity of Improving Online Training. Innovations and Modern Pedagogical Technologies in the Education System. Materials of the IX international scientific conference. Prague, 2019. P.58-62. http://sociosphera.com/files/conference/-2019/k-02_20_19.pdf. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 10%-ды құрайды. Қосалқы автор: Абусейтов Б.З.-80%, Беркімбаев К.М.-10%.

11. Болашақ педагогтардың ұйымдастырушылық-басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жинағы. Түркістан, 2019. Б.29-32. <https://pps.kaznu.kz/kz/-Main/FileShow2/135301/105/3/13435/2019//>. Мақаланы жазудағы

докторанттың үлесі 90%-ды құрайды. Қосалқы автор: Б.М. Баймуханбетов-10%.

12. Methods for Forming Educational and Organizational Activities of Future Teachers. Исследования молодых ученых. Актуальные вопросы современной педагогики: материалы XIII Международная научная конференция. Казань, 2020г. С.48-49. <https://moluch.ru/conf/ped/archive/371/15828/>. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

13. The Role of Pedagogical Tasks in the Formation of Educational and Organizational Fctivities of Future Teachers. Исследования молодых ученых: материалы XI Международная научная конференция. Казань, 2020г. С.53-54. <https://moluch.ru/conf/stud/archive/374/>. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

14. Историко-педагогические предпосылки формирования профессиональной культуры будущих педагогов . Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана. №.2 Кыргызстан, 2021г. С.243-247 DOI:10.26104/NNTIK.2019.45.557. <http://www.science-journal.kg/ru/journal/1/-archive/14145>. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ды құрайды. Қосалқы автор: Б.Н. Аuezов-5%., Бабаев Д.- 5%.

15. Болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін қалыптастырудың мәні. «Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдағы даму кезеңдері, жетістіктері, міндеттері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясы. Мардан Сапарбаев институты. Шымкент, 2021. Б.255-259. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100%-ды құрайды.

16. «Педагогикалық тапсырмалар» оқу әдістемелік құралы. Оқу-әдістемелік құрал. Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2020. – 128б. Бұл оқу әдістемелік құралының мазмұнында болашақ мұғалімдердің ұйымдастырушылық іскерліктерін педагогикалық тапсырмалар негізінде жүзеге асыруға, жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелерін шешуге, алған іскерліктері негізінде нәтижелі оқыту үдерісін ұйымдастыруды дамытуға бағытталған сұрақтар, оқу міндеттері (педагогикалық жағдаяттар), оқу тапсырмалары берілген. Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. Қосалқы автор: К.М. Беркімбаев-30%.